Қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы

Мұрағаттық версия

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 ақпандағы N 30 Заңы

МАЗМҰНЫ

Осы Заң қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру саласында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді және оны өткізудің құқықтық, экономикалық және ұйымдық негіздерін белгілейді.

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) зиянды өндірістік фактор - әсер етуі қызметкердің ауруға ұшырауына немесе еңбекке қабілеттілігінің төмендеуіне әкеп соқтыруы мүмкін өндірістік фактор;

2) пайда алушы - осы Заңға сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

3) жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі - жұмыс берушінің Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген, қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу міндеті;

4) аннуитет шарты - сақтандырушыны шартта белгіленген мерзім ішінде пайда алушының пайдасына мерзімді төлемдер түрінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті ететін сақтандыру шарты;

5) кәсіптік тәуекел сыныбы - өндірістік жарақаттанудың және кәсіптік аурулардың экономикалық қызмет түрлері бойынша қалыптасқан деңгейі;

6) еңбек (қызмет) міндеттерін атқару кезіндегі жазатайым оқиға (бұдан әрі - жазатайым оқиға) - қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін немесе жұмыс берушінің тапсырмаларын атқарған кезде оған зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік фактордың әсер етуі, соның салдарынан қызметкердің еңбекке қабілеттілігінен тұрақты айрылуға, кәсіптік ауруға не өлімге әкеп соқтыратын жарақаттануға немесе улануға ұшырауы;

7) қауіпті өндірістік фактор - әсер етуі қызметкердің еңбекке қабілеттілігінен тұрақты айрылуына (еңбекте мертігуіне немесе кәсіптік ауруына) немесе өліміне әкеп соқтыруы мүмкін өндірістік фактор;

8) кәсіптік ауру - қызметкердің өз еңбек (қызмет) міндеттерін атқаруына байланысты қызметкерге зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсер етуінен туындаған созылмалы немесе қатты ауру;

9) еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесі - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалатын сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін қызметкердің еңбек (қызмет) міндеттерін атқару қабілетінің төмендеу деңгейі;

10) сақтанушы - жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан жұмыс беруші;

11) сақтандырушы - Қазақстан Республикасының аумағында сақтандырудың аталған түрі бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лицензия алған заңды тұлға;

12) сақтандыру жағдайы - қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өміріне немесе денсаулығына зиян келтіруге әкеп соқтырған, оның басталуына қарай қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға;

13) сақтандыру сыйлықақысы - сақтанушының сақтандырушыға, соңғысының қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде пайда алушыға сақтандыру төлемін жүргізуге міндеттемелер қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы;

14) сақтандыру сомасы - сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;

15) сақтандыру төлемі - сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушының пайда алушыға сақтандыру сомасының шегінде төлейтін ақша сомасы;

16) еңбекке қабілеттілік - қызметкердің белгілі бір біліктіліктегі, көлемдегі және сападағы жұмысты атқару қабілеті;

17) уәкілетті орган - берілген өкілеттіктері шегінде еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты үйлестіру мен іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

2-бап. Осы Заңмен реттелетін қатынастар

1. Осы Заң қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу мен атқару процесінде туындайтын қатынастарды реттейді.

2. Осы Заң жұмыс берушінің мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне қатысты азаматтық-құқықтық жауапкершілігін реттемейді.

3. Осы Заң жұмыс берушілердің өз қызметін жүзеге асыруына байланысты олардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті нысанда қосымша сақтандыруды жүзеге асыру құқығын шектемейді.

3-бап. Қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы

1. Қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінен , осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

4-бап. Қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау

1. Сақтандыру ұйымдарының қызметін мемлекеттік қадағалауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Сақтанушының осы Заңның талаптарын орындауын бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

5-бап. Қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің

азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың объектісі мен субъектілері

1. Қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың (бұдан әрі - жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандырудың) объектісі жұмыс берушінің қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу міндетіне байланысты мүліктік мүддесі болып табылады .

2. Жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандырудың субъектілері: сақтанушы, сақтандырушы және пайда алушы болып табылады.

6-бап. Жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандырудың мақсаты мен негізгі принциптері

1. Жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандырудың мақсаты еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген қызметкерлердің мүліктік мүдделерін қорғауды сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру арқылы қамтамасыз ету болып табылады.

2. Жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандырудың негізгі принциптері:

жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша тараптардың өз міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету;

жұмыс берушілердің еңбек қауіпсіздігін арттыруға экономикалық мүдделілігі болып табылады.

7-бап. Жұмыс берушi міндетті сақтандыруға тиісті жауапкершілік

Қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген көлемде міндетті сақтандырумен қамтылады.

8-бап. Сақтанушының құқықтары мен міндеттері

1. Сақтанушының:

1) жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу үшін сақтандырушыны таңдауға;

2) сақтандыру жағдайы басталған кезде уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің қызметкерді куәландыруы кезінде қатысуға;

3) өз құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ пайда алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін сот арқылы қорғауға;

4) сақтандырушыдан міндетті сақтандыру талаптарын, жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

5) сақтандыру тәуекелін бағалау үшін тәуелсіз сарапшы тартуға;

6) сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту жөніндегі шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дау айтуға құқығы бар.

2. Сақтанушы:

1) сақтандырушымен:

бұрын қабылданған қызметкерлерге қатысты - осы Заң қолданысқа енгізілген кезден бастап отыз жұмыс күні ішінде;

жаңадан қабылданатын қызметкерлерге қатысты - қызметкер іс жүзінде жұмысқа жіберілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасуға;

2) сақтандыру сыйлықақысын жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен мен мерзімде төлеуге және өзіндегі сақтандыру жөніндегі барлық құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақталуын қамтамасыз етуге;

3) сақтандыру жағдайларының алдын алуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға;

4) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өзіне белгілі болғанда, бұл туралы дереу, бірақ үш жұмыс күнінен кешіктірмей сақтандырушыға хабарлауға;

5) уәкілетті орган мен сақтандырушы өкілдерінің міндетті түрде қатысуымен сақтандыру жағдайларының басталу мән-жайларын тексеруді қамтамасыз етуге;

6) сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ оның келтірген залалын дәлелдеуге;

7) сақтандыру төлемін есептеу үшін қажетті құжаттарды шартта белгіленген мерзімде сақтандырушыға ұсынуға;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметкерлерді міндетті медициналық тексеруден уақтылы өткізуді қамтамасыз етуге;

9) қызметкерлердің сақтандыру жағдайы алдындағы еңбек жағдайлары туралы құжаттарды уәкілетті органға және денсаулық сақтау ұйымдарына ұсынуға;

10) қызметкерлерді еңбектің қауіпсіз әдістері мен тәсілдеріне өндірістен қол үздірмей оқытуға;

11) уәкілетті органның жазатайым оқиғалардың профилактикасы, олардың алдын алу мен тексеру мәселелері жөніндегі шешімін орындауға;

12) өзінің қайта ұйымдастырылуы және таратылуы туралы сақтандырушыға уақтылы хабарлауға;

13) сақтандыру жағдайынан келетін залалдарды азайтуға бағытталған шаралар қолдануға;

14) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап қою құқығының сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз етуге;

15) қызметкердің немесе осы Заңда көзделген жағдайларда қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқық алған тұлғаның пайдасына аннуитет шартын жасасуға міндетті.

3. Жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

9-бап. Сақтандырушының құқықтары мен міндеттері

1. Сақтандырушының:

1) сақтандыру жағдайларын тексеруге қатысуға;

2) уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің қызметкерді куәландыруы кезінде қатысуға;

3) сақтандыру жағдайлары жөніндегі ақпаратты тексеруге және қажет болған кезде тиісті уәкілетті органдарға сұратулар жіберуге;

4) сақтандыру тәуекелін бағалау үшін сақтанушының объектілеріне тексеру жүргізуге;

5) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға;

6) сақтандыру жағдайларының алдын алу жөнінде ұсынымдар беруге;

7) сақтандыру тәуекелін бағалау үшін тәуелсіз сарапшы тартуға;

8) зиян келтірген тұлғаға кері талап қоюға құқығы бар.

2. Сақтандырушы:

1) сақтанушымен жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде оған сақтандыру полисін беруге;

2) сақтанушыны жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының талаптарымен таныстыруға және оның жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;

3) сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Заңға және жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемдерін жүргізуге;

4) өз қызметінің нәтижесінде сақтанушы және пайда алушы туралы алынған мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз етуге;

5) сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда пайда алушыға бас тартудың дәлелді негізделген себептерін жазбаша нысанда жіберуге;

6) сақтанушының сақтандыру жағдайы кезінде залалды азайту үшін шығарған шығыстарын өтеуге;

7) Осы Заңға сәйкес аннуитеттік сақтандыру ұйымына ақша аударуды жүзеге асыруға;

8) сақтанушы таратылған жағдайда капиталдандырылған төлемдерді шоғырландыруға міндетті.

3. Жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

10-бап. Пайда алушының құқықтары

Пайда алушының:

1) осы Заңда және жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген тәртіппен және талаптармен сақтандыру төлемдерін алуға;

2) сақтанушы мен сақтандырушыдан жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру талаптары туралы ақпаратты тегін алуға;

3) сақтандыру жағдайын тексеру мәселелері жөніндегі шешімге уәкілетті органға немесе сотқа шағымдануға;

4) уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне медициналық-әлеуметтік сараптама мәселелері бойынша жүгінуге;

5) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыға хабарлауға;

6) сақтандыру жағдайын тексеруге қатысуға, оның ішінде қызметкерлер өкілдерінің не өзі сенім білдірген адамның қатысуымен қатысуға құқығы бар.

11-бап. Жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты

1. Жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру осы Заңға және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде өмірі мен денсаулығына зиян келтірілуі мүмкін қызметкердің пайдасына сақтанушы мен сақтандырушының арасында жасалатын шарттың негізінде жүзеге асырылады.

2. Жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты міндетті сақтандырудың осы түрі (сыныбы) бойынша қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алған сақтандырушымен ғана жасалуға тиіс.

Сақтанушы сақтандырушыны таңдауға ерікті.

Сақтандырушы сақтанушымен жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасудан бас тартуға құқылы емес.

3. Жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандырушының сақтанушыға сақтандыру полисін беруі арқылы жазбаша нысанда жасалады.

Сақтанушының өтініші жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу үшін негіз болып табылады.

Жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының жазбаша нысанын сақтамау оның жарамсыздығына әкеп соқтырады.

Жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында көрсетілуге тиісті талаптардың толық еместігі үшін жауапкершілікті сақтандырушы өз мойнына алады. Жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша оның жекелеген талаптарының толық еместігі салдарынан дау туындаған жағдайда, дау сақтанушының пайдасына шешіледі.

4. Сақтандыру полисі жоғалған жағдайда сақтандырушы сақтанушының жазбаша өтініші негізінде оған сақтандыру полисінің телнұсқасын беруге міндетті.

Сақтандыру полисі бланкісін дайындауға және оның телнұсқасын ресімдеуге жұмсалған шығыстарды сақтанушы өтейді, бұл ретте өтелетін шығыстардың жалпы сомасы өтініш берген күнгі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген 0,1 айлық есептік көрсеткіштен аспауға тиіс.

5. Егер жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын сақтанушының немесе пайда алушының жағдайын осы Заңда көзделгенмен салыстырғанда нашарлататын талаптармен жасалса, онда сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушы мен пайда алушының алдындағы міндеттемені осы Заңда белгіленген талаптар бойынша өз мойнына алады.

6. Жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты:

1) сақтандырушының атауын, орналасқан жерін және банктік реквизиттерін;

2) сақтанушының (егер ол жеке тұлға болса) фамилиясын, атын, әкесінің атын (ол болған кезде) және тұрғылықты жерін немесе (егер ол заңды тұлға болса) атауын, орналасқан жерін және банктік реквизиттерін;

3) сақтандыру объектісінің сілтемесін;

4) сақтандыру жағдайының сілтемесін;

5) сақтандыру сомасының мөлшерін, сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі мен мерзімдерін;

6) сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін, оны төлеудің тәртібі мен мерзімдерін;

7) шарт тараптарының құқықтарын, міндеттері және жауапкершілігін;

8) шартқа өзгерістер енгізу мен оның мерзімін ұзарту жағдайлары мен тәртібін;

9) шарт жасалған күн мен оның қолданылу мерзімін;

10) сақтандыру полисінің нөмірі мен сериясын қамтуға тиіс.

Тараптардың келісімі бойынша шартқа өзге де талаптар енгізілуі мүмкін.

12-бап. Жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылуы

1. Жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген күннен бастап жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

2. Жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты, осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, ол күшіне енгізілген күннен бастап он екі ай мерзімге жасалады.

Жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандырудың бүкіл мерзімі ішінде қолданылады және алғашқы сақтандыру жағдайы басталғанда қолданылуын тоқтатпайды.

3. Жұмыс берушінің қызметі он екі айдан аз мерзімде жүзеге асырылған кезде шарт осы қызметті жүзеге асыру мерзіміне жасалады.

13-бап. Жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының тоқтатылуы

1. Жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты:

1) шарттың қолданылу мерзімі аяқталған;

2) шарт мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайларда өз қолданылуын тоқтатады.

2. Жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының тоқтатылуы сақтандырушыны жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде болған сақтандыру жағдайлары бойынша пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі міндеттерден босатпайды.

14-бап. Жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату

Жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

15-бап. Жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының жарамсыздығы

Жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жарамсыз деп танудың негіздері және салдарлары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес айқындалады.

16-бап. Сақтандыру сомасы

Сақтандыру сомасы жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартымен айқындалады, бірақ ол персоналдың (өндірістік, әкімшілік-басқару, көмекші) санаттары бойынша барлық қызметкерлердің еңбек ақысының жылдық қорынан кем болмауға тиіс.

17-бап. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін айқындау және оны жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша төлеудің тәртібі

1. Жұмыс берушінің жауапкершілігін сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы осы баптың 2-тармағында белгіленген, жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасына көбейтілген сақтандыру тарифін негізге ала отырып, тараптардың келісімімен айқындалады.

2. Кәсіптік тәуекел сыныбына және персоналдың санаттарына қарай экономикалық қызмет түрлері бойынша сараланған сақтандыру тарифтерінің төмендегідей шектері белгіленсін:

Персоналдың санаты	Кәсіптік тәуекел сыныбы	Ең төменгі тариф (%)	Ең жоғарғы тариф (%)
Өндірістік персонал	1	0,04	0,13
	2	0,04	0,10
	3	0,16	0,35
	4	0,23	1,80
	5	0,23	0,53
	6	0,32	2,00
	7	0,47	2,15
	8	0,50	1,41
	9	0,50	1,57
	10	0,56	1,17
	11	0,58	2,90
	12	0,74	1,96
	13	0,80	2,74
	14	1,03	3,08
	15	1,07	3,40
	16	1,08	3,36
	17	1,15	9,83
	18	1,21	2,60
	19	1,45	4,08
	20	1,48	4,44
	21	2,94	9,99
	22	4,36	9,17
Әкімшілік-басқару	Кәсіптік тәуекелдің		0,10

персоналы	барлық сыныптары үшін	0,04	
Көмекші персонал	Кәсіптік тәуекелдің барлық сыныптары үшін	0,47	2,15

3. Экономикалық қызмет түрлерін кәсіптік тәуекел сыныптарына жатқызу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді .

4. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында көзделген тәртіппен және мерзімде біржолы немесе оның мерзімін ұзартып төлейді. Егер жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтанушы кезекті сақтандыру жарнасын уақтылы төлемегені үшін сақтандырушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

18-бап. Сақтандыру жағдайын және келтірілген зиянның мөлшерін айқындау

1. Қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы болып танылады.

2. Қызметкердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян оның қайтыс болуына немесе еңбекке қабілеттілігінен тұрақты айрылуына байланысты зиянның материалдық көрінісін қамтиды.

Қызметкердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянның мөлшері осы Заңға сәйкес тапсырылған құжаттардың негізінде айқындалады.

19-бап. Зиян мөлшерін анықтау. Жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемі

1. Қызметкердің қайтыс болуына немесе еңбекке қабілеттілігінен тұрақты айрылуына байланысты жалақыдан (кірістен) айрылуына қатысты зиянның мөлшері Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің талаптарына сәйкес айқындалады.

2. Қызметкер денсаулығының зақымдануынан туындаған қосымша шығыстардың (еңбекке қабілеттілігінен тұрақты айрылуы белгіленген жағдайларда - аннуитет шартын жасасқанға дейін шеккен шығыстар), сондай-ақ қызметкерді жерлеуге (ол қайтыс болған жағдайда) жұмсалған шығыстардың

мөлшерін сақтандырушы сол шығыстарды шеккен қызметкер немесе тұлға табыс еткен осы шығыстарды растайтын құжаттардың негізінде айқындайды.

3. Қосымша шығыстарды өтеу жөніндегі сақтандыру төлемі сақтандырушыға шеккен шығыстарды растайтын құжаттар берілген күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде жүргізіледі. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қызметкерді жерлеуге жұмсалған шығыстарды шеккен қызметкердің немесе тұлғаның жазбаша өтініші бойынша сақтандырушы өтініш берушінің болашақ шығыстары есебіне сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті.

Қызметкер шеккен қосымша шығыстарды (еңбекке қабілеттілігінен тұрақты айрылуы белгіленген жағдайларда - аннуитет шартын жасасқанға дейін шеккен шығыстар), сондай-ақ қызметкерді жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу жөніндегі сақтандыру төлемін алушы тиісінше жерлеуге жұмсалған шығыстарды шеккен қызметкер немесе тұлға болып табылады.

4. Қызметкердің еңбекке қабілеттілігінен тұрақты айрылуына байланысты не қызметкердің қайтыс болуына байланысты Қазақстан Республикасының заңына сәйкес зиянды өтетуге құқық алған тұлғалардың жалақысынан (кірісінен) айрылуына байланысты зиян үшін тиесілі сақтандыру төлемі осы Заңның 23-бабына сәйкес сақтанушымен жасалған аннуитет шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшеріне тең мөлшерде жүзеге асырылады.

Сақтанушы қызметкердің еңбекке қабілеттілігінен тұрақты айрылуына байланысты қызметкердің не қызметкердің қайтыс болуына байланысты Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зиянды өтетуге құқық алған тұлғалардың жалақысынан (кірісінен) айрылуына байланысты зиянды өтеу бойынша сақтандыру төлемін алушы болып табылады.

Сақтандыру төлемі сақтанушының келісімі бойынша өзі аннуитет шартын жасасқан өмірді сақтандыру жөніндегі сақтандыру ұйымына аударылуы мүмкін.

5. Қызметкердің қаза табуына немесе оның денсаулығының зақымдануына байланысты зиян үшін сақтандыру төлемі нақты зиян мөлшерінде, бірақ жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан аспайтын мөлшерде жүргізіледі.

6. Сақтандыру төлемін қамтамасыз етуге байланысты шығыстар сақтандырушының есебінен жүргізіледі.

20-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың жалпы шарттары

1. Сақтандыру төлемі туралы талапты сақтанушы немесе пайда алушы болып табылатын өзге тұлға сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса тіркей отырып, жазбаша нысанда ұсынады.

2. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мына құжаттар қоса тіркеледі:

1) сақтандыру полисінің көшірмесі;

2) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және қызметкерге келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжаттар;

3) уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің еңбекке қабілеттіліктен айрылуды белгілеу туралы анықтамасының көшірмесі;

4) қызметкер қайтыс болған жағдайда, қызметкердің қайтыс болғаны туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі және пайда алушының зиянды өтету құқығын растайтын құжат;

5) пайда алушының жеке басы куәлігінің көшірмесі;

6) сақтанушының сақтандыру жағдайы басталған кезде залалды болғызбау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын, олар болған жағдайда, растайтын құжаттар.

Сақтандырушының сақтанушыдан не пайда алушыдан қосымша басқа құжаттарды талап етуіне жол берілмейді.

3. Құжаттарды қабылдаған сақтандырушы табыс етілген құжаттардың толық тізбесін және олар қабылданған күнді көрсете отырып, өтініш берушіге анықтама беруге міндетті.

4. Зардап шеккен қызметкер (ал ол қайтыс болған жағдайда қызметкердің қайтыс болуына байланысты Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зиянды өтетуге құқық алған тұлға), сондай-ақ келтірілген зиянды сақтандырушының осы Заңда белгіленген жауапкершілігі көлемінің шегінде пайда алушыға өтеген және сақтандыру төлеміне құқық алған сақтанушы немесе өзге тұлға пайда алушы болып табылады.

5. Сақтандыру төлемі пайда алушының жазбаша ресімделген өтініші немесе нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша тікелей денсаулығын қалпына келтіру жөнінде оған қызмет көрсеткен (көрсететін) тұлғаға төленуі мүмкін.

6. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде пайда алушыдан оның сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін шарттар қабылдауын талап етуге құқылы емес.

21-бап. Зиян келтірген тұлғаға кері талап қою құқығы

1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушының мынадай жағдайларда:

1) сақтанушының жауапкершілігі, оның қажетті қорғану және аса қажеттілік жағдайында жасаған іс-әрекеттерін қоспағанда, сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал еткен қасақана іс-әрекеттері салдарынан басталғанда;

2) сақтанушы сақтандыру жағдайынан келетін залалды азайту жөніндегі шараларды қасақана қолданбаған кезде төленген сома шегінде сақтанушыға кері талап қоюға құқығы бар.

2. Сақтандырушы сақтандыру нәтижесінде өтеген залалға жауапты тұлғаға сақтанушы қоя алатын кері талап құқығы сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға оның төленген сомалары шегінде ауысады.

22-бап. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатудың негіздемесі

Сақтандырушы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген жағдайларда сақтандыру төлемдерінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы.

23-бап. Аннуитет шартын жасасу

1. Қызметкердің еңбекке қабілеттілігінен тұрақты айрылуы белгіленген не ол қайтыс болған жағдайда жұмыс беруші қызметкердің не қызметкердің қайтыс болуына байланысты Қазақстан Республикасының заңына сәйкес зиянды өтетуге құқық алған тұлғаның пайдасына аннуитет шартын жасасуға міндетті.

2. Аннуитет шарты жұмыс берушінің өзі келтірген зиянды өтеу жөніндегі жауапкершілігі туындаған күннен бастап он бес күнтізбелік күннен кешіктірілмей сақтанушының жазбаша өтініші негізінде жасалады.

3. Аннуитет шарты зардап шеккен қызметкердің не қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқық алған тұлғалардың Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгілеген мөлшерде және мерзімдерде кіріс алуын қамтамасыз ететін шарттармен жасалады.

24-бап. Қызметкерді еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесін анықтауға куәландырудың тәртібі

1. Қызметкердің (қызметкерлердің) еңбекке қабілеттілігінен бір күннен артық айрылуына әкеп соқтыратын әрбір жазатайым оқиға медициналық қорытындыға сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жазатайым оқиға туралы актімен ресімделеді.

2. Қызметкерді еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесін анықтауға куәландыруды уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі сақтанушының, сақтандырушының не қызметкердің өтініші бойынша немесе сот шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізеді. Денсаулық сақтау ұйымының қорытындысы мен жазатайым оқиға туралы акт куәландырудың негіздемесі болып табылады.

Қызметкерді жазатайым оқиға немесе кәсіптік ауру салдарынан еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесін анықтауға куәландырудың, сондай-ақ қосымша көмек пен күтім түрлеріне мұқтаждықты белгілеудің тәртібін уәкілетті орган денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша бекітеді .

Кәсіптік аурулар тізбесін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

25-бап. Дауларды шешу

Осы Заңды орындау бойынша жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру субъектілері арасында туындаған даулардың бәрі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

26-бап. Жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру субъектілерінің мемлекеттік статистикалық есептілігі

Жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру субъектілерінің мемлекеттік статистикалық есептілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес статистика мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

27-бап. Қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуға кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

28-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң 2005 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК